

Ақпаратты қорғау

---

- **Ақпаратты қорғау** – ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған шаралар кешені. Тәжірибе жүзінде ақпаратты қорғау деп деректерді енгізу, сақтау, өңдеу және тасымалдау үшін қолданылатын ақпарат пен қорлардың тұтастығын, қол жеткізулік оңтайлығын және керек болса жасырындылығын қолдауды түсінеді. Сонымен, ақпаратты қорғау – ақпараттың сыртқа кетуінің, оны ұрлаудың, жоғалтудың, рұқсатсыз жоюды, өзгертудің, маңызына тимей түрлендірудің, рұқсатсыз көшірмесін алудың, бұғаттаудың алдын алу үшін жүргізілетін шаралар кешені. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету кезі қойылатын шектеулерді қанағаттандыруға бағытталған ұйымдастырушылық, бағдарламалық және техникалық әдістер мен құралдардан тұрады.





# Ақпараттық қауіпсіздік

---

- **Ақпараттық қауіпсіздік** – мемлекеттік ақпараттық ресурстардың, сондай-ақ саласында жеке адамның құқықтары мен мүдделері қорғалуының жай-күйі .
- Ақпараттық қауіпсіздік режимін қалыптастыру кешендік мәселе болып табылады. Оны шешу үшін заңнамалық, ұйымдастырушылық, бағдарламалық, техникалық шаралар қажет.



Ақпараттық қауіпсіздіктің өте маңызды 3 жайын атап кетуге болады: қол жеткізерлік (оңтайлық), тұтастық және жасырындылық.

---

- **Қол жетерлік (оңтайлық)** – саналы уақыт ішінде керекті ақпараттық қызмет алуға болатын мүмкіндік.
- **Тұтастық** – ақпараттың бұзудан және заңсыз өзгертуден қорғанылуы.
- **Жасырындылық** – заңсыз қол жеткізуден немесе оқудан қорғау.

# ҚР Заңмен қорғалатын құпиялар

- Заңмен қорғалатын құпиялар:
  - Арнайы ақпарат. Отбасы және жеке өмірдің құпиясы;- Хат жазу, телефон, телеграф және т.б. хабарламалардың құпиясы;- Бала асырап алу құпиясы;- Медициналық құпия;- Коммерциялық және қызметтік құпия;- Банктік құпия;- Бағалы қағаздар рыногындағы қызметтік ақпарат;- Тергеу және алдын ала тергеудің құпиялары;- Адвокаттық және нотариаттық құпия;
  - Мемлекеттік құпиялар:
    - Әскери саладағы кейбір мәліметтер;- Экономика, ғылым және техника саласындағы кейбір мәліметтер;- Сыртқысаяси және сыртқыэкономикалық саладағы кейбір мәліметтер;- Жедел іздестіру және қарауыл қызметі саласындағы кейбір мәліметтер;
  - Мұрағаттық ақпарат
    - Ашық пайдалантын, мемлекеттік мұражайда болатын, мұрағаттық ақпарат- Белгіленген категориядағы жеке және заңды тұлғалар үшін анықталған құжаттарды пайдаланудың шектелуі- Меншік құқығы сақталатын және тек меншік иесінің келісімімен ғана анықталатын мұрағаттық ақпаратты пайдалану